«Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша
және 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін,
тәуелсіз аудитордың
аудиторлық қорытындысымен

«Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ

Мазмұны

	Бет
2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау және бекіту үшін жауапкершілік туралы басшылықтың мәлімдемесі	
Тәуелсіз аудитордың аудиторлық қорытындысы	
2024 жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілік:	
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	1
Пайда мен залал және өзге де жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	2
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	3
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	4
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер	5-42

«Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау және бекіту үшін жауапкершілік туралы басшылықтың мәлімдемесі

Тәуелсіз аудиторлардың ұсынылған есебінде қамтылған аудиторлардың міндеттерін сипаттаумен бірге қаралуға тиіс төмендегі мәлімдеме "Алматы" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" АҚ-ның және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі - Топ) шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қатысты аудиторлардың жауапкершілігін шектеу мақсатында жасалды.

Топ басшылығы 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша барлық елеулі аспектілерде қаржылық жағдайды, сондай-ақ осы күні аяқталған кезеңдегі оның қызметінің нәтижелерін, ақша қаражатының қозғалысын және капиталдағы өзгерістерді Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі - ХҚЕС) сәйкес шынайы көрсететін шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін жауап береді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде Топ басшылығы:

- есеп саясатының қағидаттарын дұрыс таңдау мен қолдануды қамтамасыз ету;
- осындай ақпараттың орындылығын, дұрыстығын, салыстырмалылығы мен түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда ақпаратты, оның ішінде есеп саясаты туралы деректерді ұсыну;
- ХҚЕС талаптарын орындау пайдаланушылардың қандай да бір мәмілелер, сондай-ақ өзге де оқиғалар немесе шарттар Топ қызметінің қаржылық жағдайы мен қаржылық нәтижелеріне тигізетін әсерін есептілікті түсінуі үшін жеткіліксіз болған жағдайларда қосымша ақпаратты ашу;
- Топтың таяу болашақта қызметін жалғастыру қабілетін бағалау үшін жауапты болады.

Басшылық сондай-ақ:

- Топтың ішкі бақылауының тиімді және сенімді жүйесін әзірлеу, енгізу және қолдау;
- Топтың мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ кез келген күні Топтың қаржылық жағдайы туралы жеткілікті дәлдікпен ақпарат беруге және шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысанда есеп жүргізу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына және ХҚЕС-ке сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізу;
- Топ активтерінің сақталуын қамтамасыз ету жөнінде барлық ақылға қонымды ықтимал шараларды қабылдау; және
- қаржылық және өзге де теріс пайдалану фактілерін анықтау және болдырмау үшін жауапты болады.

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Топтың басшылығы 2025 жылғы 26 наурызда бекітті және оның атынан қол қойды:

Е.К. Алдажаров

Басқарма Төрағасының орынбасары

Б.Е. Алимова

Бас бухгалтер - Бухгалтерлік есеп және есептілік департаментінің директоры

Russell Bedford
taking you further

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

«Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ акционері мен басшылығына

Пікір

Біз «Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі «Топ») 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есептен, көрсетілген күні аяқталған жыл үшін пайда мен залал және өзге де жиынтық кірістер туралы шоғырландырылған есептен, капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есептен және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелерден тұратын шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілерде Топтың 2024 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайы, сондай-ақ көрсетілген күні аяқталған жыл ішіндегі оның қаржылық нәтижелері және ақша қаражатының қозғалысы туралы шынайы және объективті ақпаратты Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес ұсынады.

Пікір білдіру үшін негіз

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз бұдан әрі біздің қорытындымыздың «*Аудитордың жеке қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі*» бөлімінде сипатталған. Біз Топқа қатысты Бухгалтерлерге арналған халықаралық *этика стандарттары жөніндегі кеңестің кәсіби бухгалтерлерінің этика кодексіне* (БХЭСК кодексі) сәйкес тәуелсізбіз және біз БХЭСК кодексіне сәйкес өзге де этикалық міндеттерді орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдемелер біздің пікірімізді білдіруге негіз болуы үшін жеткілікті және лайықты деп есептейміз.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық ХҚЕС-на сәйкес көрсетілген шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау және дұрыс ұсыну үшін және басшылық жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты болады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалау, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашқаны үшін және басшылық Топты таратуға, оның қызметін тоқтатуға немесе оның қызметін таратудан немесе тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есептілікті жасағаны үшін жауапты болады.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындауды қадағалау үшін жауапты болады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілікте жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалаушылықтар болмайтынына және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытынды шығаруда ақылға қонымды сенімділік алу болып табылады.

Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит олар болған кезде әрқашан елеулі бұрмалаушылықтарды анықтайтынына кепілдік болып табылмайды.

Бұрмалаулар жосықсыз іс-әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне жеке немесе жиынтығында әсер етуі мүмкін деп негізді болжауға болса, елеулі болып саналады.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде біз кәсіби пайымды қолданамыз және бүкіл аудит бойы кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз төмендегілерді орындаймыз:

- жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің салдарынан шоғырландырылған қаржы есептілігінің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдер әзірлейміз және жүргіземіз; өз пікірімізді білдіруге негіз болуы үшін жеткілікті және лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдер аламыз. Жосықсыз әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалауды таппау тәуекелі қатенің нәтижесінде елеулі бұрмалауды таппау тәуекелінен жоғары, өйткені жосықсыз әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, ақпаратты қасақана жіберуді, бұрмалап ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттерін қамтуы мүмкін;
- жағдайларға сай келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында, бірақ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатынсыз аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің ұғымын аламыз; қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бағалау мәндерінің және басшылық дайындығын ақпаратты тиісті ашудың негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың қызмет үздіксіздігі туралы жорамалды қолдануының заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде – нәтижесінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыруға қабілеттілігіне елеулі күмән туындауы мүмкін оқиғалармен немесе шарттармен байланысты елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деп тұжырым жасасақ, біз өзіміздің аудиторлық қорытындымызда шоғырландырылған қаржы есептілігінде ақпараттың сәйкесінші ашылуына назар аударуға немесе, егер ақпаратты мұндай ашу лайықсыз болып табылса, өз пікірімізді өзгертуге тиіспіз. Біздің тұжырымдарымыз өзіміздің аудиторлық қорытындымыз жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкеп соғуы мүмкін;
- шоғырландырылған қаржылық есептілікті тұтастай ұсынуды, ақпаратты ашуды қоса алғанда, оның құрылымы мен мазмұнын, сондай-ақ жеке қаржылық есептілік оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуы қамтамасыз етілетіндей етіп білдіре ме дегенге бағалау жүргіземіз.

Біз корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалармен ақпараттық өзара іс-қимылды олардың назарына, оның ішінде аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері және аудитордың назарын аударған маңызды мәселелер туралы, оның ішінде аудит процесінде біз анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып жүзеге асырамыз.

Сауле Бадамбаева
«Russell Bedford A+ Partners» ХАК» ЖШС
Аудит жөніндегі серіктесі
Аудитордың біліктілік куәлігінің № МФ-0000720, 10.01.2019 ж.

Шолпанай Құдайбергенова
«Russell Bedford A+ Partners» ХАК» ЖШС
Бас директоры
Аудиторлық қызметпен айналысуға арналған №18013076 мемлекеттік лицензиясын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті 2018 жылғы «03» шілдеде берген.

050000, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы
Әбіш Кекілбайұлы көшесі, 34

2025 жылғы 26 наурыз

Member of Russell Bedford International – a global network of independent professional services firms
Registered in the Republic of Kazakhstan as a Limited Liability Partnership
Registered office: 34 Abish Kekilbayuly Street, Almaty, 050043, Republic of Kazakhstan

«Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп

мың теңге	Ескерту	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	5	12,384,885	12,092,405
Инвестициялық мүлік	6	7,010,754	5,904,628
Материалдық емес активтер		197,942	215,840
Ұзақ мерзімді қаржы активтері	7	22,671,001	15,668,371
Инвестициялық бағалы қағаздар		32,211	62,739
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	8	47,494,045	43,502,738
Кейінге қалдырылған салық активі	24	67,478	–
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	9	5,618,732	7,704,213
Ұзақ мерзімді активтер жиыны		**95,477,048**	**85,150,934**
Қысқа мерзімді активтер			
Қорлар	10	31,729,280	10,492,396
Саудалық және өзге де дебиторлық берешек	8	5,159,036	453,662
Қысқа мерзімді қаржы активтері	7	2,199,791	2,758,160
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		2,068,355	9,570
Берілген аванстар және өзге де ағымдағы активтер	11	27,372,043	9,154,904
РЕПО бойынша актив	12	7,248,580	11,728,105
Ақша қаражаты және олардың баламалары	13	70,178,560	69,727,029
Қысқа мерзімді активтер жиыны		**145,955,645**	**104,323,826**
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		**241,432,693**	**189,474,760**
КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Капитал			
Акционерлік капитал	14	193,351,569	193,351,569
Сатып алынған меншікті үлестік құралдар	14	(22,356,100)	(21,051,538)
Бөлінбеген кіріс/(Жабылмаған залал)		7,464,500	(562,047)
Капитал жиыны		**178,459,969**	**171,737,984**
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Алынған ұзақ мерзімді қарыздар	15	2,904,495	7,709,313
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	16	246,729	214,628
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	24	–	96,195
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны		**3,151,224**	**8,020,136**
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Алынған қысқа мерзімді қарыздар	15	6,230,608	4,240,207
Саудалық және өзге де кредиторлық берешек	17	5,156,132	3,452,692
Салықтар мен төлемдер		143,663	65,043
Корпоративтік табыс салығы бойынша берешек		181,000	1,811,399
Сатып алушылардың шарттары бойынша міндеттемелер	16	48,110,097	147,299
Қысқа мерзімді міндеттемелер жиыны		**59,821,500**	**9,716,640**
Міндеттемелер жиыны		**62,972,724**	**17,736,776**
КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		**241,432,693**	**189,474,760**

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Топ басшылығы мақұлдады және оның атынан қол қойды:

Е.К. Алдажаров
Басқарма Төрағасының орынбасары

Б.Е. Алимова
Бас бухгалтер - Бухгалтерлік есеп және есептілік департаментінің директоры

2025 жылғы 26 наурыз

Түсіндірме ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды

«Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп

мың теңге	Ескерту	2024 жыл	2023 жыл
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	18	9,171,030	5,968,099
Іске асырудың өзіндік құны	19	(8,769,944)	(3,769,918)
Жалпы кіріс		**401,086**	**2,198,181**
Сату бойынша шығыстар		(396,436)	(135,850)
Әкімшілік шығыстар	20	(3,232,671)	(3,550,058)
Қаржылық кірістер/(шығыстар), нетто	21	10,408,913	(16,291,041)
Басқа кірістер/(шығыстар), нетто		1,025,515	90,233
Мүлікті сатудан түскен кірістер, нетто	22	178,534	31,151,626
Қауымдасқан ұйымдардың залалдағы үлесі		–	(36,363)
Бағамдық айырма бойынша таза кіріс/(залал)		(23)	2,579,685
Құнсыздануан болған залалдарды/(залалдарды) қалпына келтіру	23	(148,764)	3,038,202
Салық салынғанға дейінгі кіріс		**8,236,154**	**19,044,615**
Табыс салығы бойынша шығыстар	24	(235,803)	(7,916,328)
Кезең ішіндегі таза кіріс		**8,000,351**	**11,128,287**
Кезең ішіндегі өзге де жиынтық кіріс		–	–
Кезең ішіндегі жалпы жиынтық кіріс		**8,000,351**	**11,128,287**

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Топ басшылығы мақұлдады және оның атынан қол қойды:

Е.К. Алдажаров
Басқарма Төрағасының орынбасары

Б.Е. Алимова
Бас бухгалтер - Бухгалтерлік есеп және есептілік департаментінің директоры

2025 жылғы 26 наурыз

Түсіндірме ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды.

«Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (тікелей әдіс)

мың теңге	2024 жыл	2023 жыл
Операциялық қызмет		
Сатып алушылардан алынған ақша қаражаты	4,288,784	40,408,102
Сатып алушылардан алынған аванстар	46,646,650	36,504,948
Кепілдік жарналар	29,338	50,657
Берілген қарыздарды өтеу	5,409,191	4,587,832
Қарыздар бойынша алынған сыйақылар	1,245,973	2,109,429
Өзге де түсімдер	74,484	2,579,849
Қарыздар беру	(12,495,253)	(8,132,410)
Жеткізушілер мен мердігерлерге төленген ақша қаражаты	(46,276,004)	(106,103,017)
Жұмыскерлерге төленген ақша қаражаты	(2,115,350)	(1,985,867)
Төленген өзге де салықтар мен әлеуметтік төлемдер	(1,048,228)	(1,183,544)
Төленген табыс салығы	(3,965,228)	(6,223,250)
Кепілдік жарналарды қайтару	(493,367)	–
Төленген пайыздар	(1,477)	(463,681)
Өзге де төлемдер	(17,948)	(18,358)
Операциялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты	**(8,718,435)**	**(37,869,310)**
Инвестициялық қызмет		
Берілген қарыздарды қайтару	4,152,148	8,558,462
Үшінші тараптарды қаржыландырудан қайтару	2,473,184	8,839,764
Негізгі құралдарды және инвестициялық жылжымайтын мүлікті сату	–	5,215,915
Алынған сыйақылар	659,861	1,521,165
Басқалар	–	223,930
Қарыздар беру	(5,586,844)	(5,866,866)
Негізгі құралдарды, инвестициялық жылжымайтын мүлікті сатып алу материалдық емес активтер	(1,035,538)	(390,072)
РЕПО операциялары, нетто	10,023,059	(11,053,400)
Инвестициялық қызметтен түскен таза ақша қаражаты	**10,685,870**	**7,048,898**
Қаржылық қызмет		
Қарыздарды өтеу	(8,000,000)	(8,820,000)
Қарыз алу	6,500,000	–
Акционерлік капиталға ақы төлеу	–	6,000,000
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты	**(1,500,000)**	**(2,820,000)**
Ақша қаражатының таза ұлғаюы (азаюы)	467,435	(33,640,412)
Күтілетін кредиттік залалдар резервіндегі өзгеріс	(15,900)	44,539
Ақша қаражатына айырбас бағамының өзгеру әсері	(4)	(174,101)
Кезең басындағы ақша қаражаты	69,727,029	103,497,003
Кезең соңындағы ақша қаражаты	**70,178,560**	**69,727,029**

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Топ басшылығы мақұлдады және оның атынан қол қойды:

Е.К. Алдажаров
Басқарма Төрағасының орынбасары

Б.Е. Алимова
Бас бухгалтер - Бухгалтерлік есеп және есептілік департаментінің директоры

2025 жылғы 26 наурыз

Түсіндірме ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды

«Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп

мың теңге	Акционерлік капитал	Сатып алынған меншікті үлестік құралдар	Бөлінбеген кіріс/ (Жабылмаған залал)	Капитал жиыны
2023 жылғы 1 қаңтардағы сальдо	**185,204,314**	**(6,392,998)**	**(10,505,266)**	**168,306,050**
Акциялар шығару	8,201,443	(14,658,540)	–	**(6,457,097)**
Өткен кезеңдерді түзету	(54,188)	–	–	**(54,188)**
Жыл ішіндегі таза табыс	–	–	11,128,287	**11,128,287**
Меншікті активтер бойынша өзге де үлестік құралдар	–	–	(1,846,111)	**(1,846,111)**
Өзге де операциялар	–	–	661,043	**661,043**
2023 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо	**193,351,569**	**(21,051,538)**	**(562,047)**	**171,737,984**
Акциялар шығару	–	1,354,305	–	**1,354,305**
Жыл ішіндегі таза табыс	–	–	8,000,351	**8,000,351**
Меншікті үлестік құралдармен жасалатын өзге де операциялар	–	(2,658,867)	–	**(2,658,867)**
Өзге де операциялар		–	26,196	**26,196**
2024 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо	**193,351,569**	**(22,356,100)**	**7,464,500**	**178,459,969**

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Топ басшылығы мақұлдады және оның атынан қол қойды:

Е.К. Алдажаров

Басқарма Төрағасының орынбасары

Б.Е. Алимова

Бас бухгалтер - Бухгалтерлік есеп және есептілік департаментінің директоры

2025 жылғы 26 наурыз

Түсіндірме ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ және оның «Топ» деп бірлесіп аталатын еншілес ұйымдары.

«Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ (бұдан әрі - "Компания") бастапқыда Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 27 тамызда тіркелген. 2018 жылғы 8 қазанда атауының өзгеруіне байланысты Компанияны қайта тіркеу жүргізілді. Бизнес-сәйкестендіру коды 100840016104.

Компания 600400621639 салық төлеушінің тіркеу нөмірін бере отырып, Алматы қаласы бойынша Әділет департаментінде салық төлеуші ретінде тіркелді. Компания Алматы қаласы Бостандық аудандық салық комитетінде қосылған құн салығын төлеуші ретінде тіркелді, 2018 жылғы 8 қазандағы куәліктің сериясы 60001 № 1202376.

Топтың нақты және заңды мекенжайы: 050040, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 303-үй, Б блогы.

2024 жылғы 31 желтоқсанда және шоғырландырылған қаржылық есептілік шығарылған күні Топтың жалғыз қатысушысы «Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы» КММ (бұдан әрі - «Акционер») болып табылады. Топтың соңғы бақылаушы тарабы Алматы қаласының әкімдігі болып табылады.

Топ өз қызметін Қазақстан Республикасында жүзеге асырады. Топтың активтері мен міндеттемелері Қазақстан Республикасының аумағында болады.

Топ қызметінің негізгі түрі коммерциялық қызмет және басқару мәселелері бойынша консультация беру, экономикалық қызметті реттеу және тиімді жүргізуге жәрдемдесу, өңірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыру және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру жөніндегі тетіктерді іске асыру болып табылады.

2025 жылғы 28 ақпанда Fitch Ratings (Дубай, БАӘ) рейтингтік агенттігі Топтың шетел және ұлттық валютадағы дефолт рейтингтерін «Тұрақты» болжаммен «BBB-» деңгейінде растады.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке мынадай еншілес ұйымдар енгізілді:

Компания/орналасқан жері	Қызмет түрі	Қатысу үлесі	
		2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
«Almaty Finance (Алматы Финанс)» ЖШС/(Қазақстан)	Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне кәсіпкерлік мақсаттарға қарыздар беру	100%	100%
«Алматы индустриялық аймағы» ЖШС/(Қазақстан)	Индустриялық аймақтың қызметін жедел басқару	100%	100%
«Алматы қаласы әкімдігінің күрделі құрылыс кәсіпорны» ЖШС/(Қазақстан)	Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу үшін жеке және заңды тұлғалардың (оның ішінде бюджеттік) ақша қаражатын тарту есебінен тұрғын үй ғимараттарын салуды ұйымдастыру жөніндегі қызмет	100%	100%

«Almaty» микроқаржы ұйымы» ЖШС "Almaty Business-2025" кәсіпкерлікті дамыту аймақтық бағдарламасы аясында құрылды. «Almaty» ШҚҰ ЖШС ШОБ қолдау мақсатында шағын және орта бизнес субъектілеріне жеңілдікті кредит береді, 99.999999690% қатысу үлесімен «Almaty Finance» (Алматы финанс) ЖШС еншілес компаниясы болып табылады.

Russell Bedford A+ Partners

2. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Сәйкестік туралы мәлімдеме

Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес ("ХҚЕСК") бекіткен редакциядағы Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына ("ХҚЕС") және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын түсіндіру жөніндегі комитет (бұдан әрі - "ХҚСТК") шығарған түсіндірмелерге сәйкес дайындалды.

Ұсыну негізі

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік қаржы құралдарын әділ құн бойынша бастапқы тануға түзетумен бастапқы құн бойынша есепке алу қағидатына сүйене отырып дайындалды.

Үздіксіз қызмет принципі

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі әдеттегі қызмет барысында активтерді іске асыруды және міндеттемелер мен шарттық міндеттемелерді реттеуді көздейтін үздіксіз қызмет қағидатына сәйкес дайындалды.

Осылайша, Топ басшылығы қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалға сәйкес Топтың қызметін жалғастыру қабілетіне елеулі әсер етуі мүмкін жағдайларды немесе оқиғаларды сәйкестендірмейді. Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік, егер Топ қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалға сәйкес қызметін жалғастыра алмаса, талап етілетін түзетулерді қамтымайды.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау негізі

Шоғырландырылған есептілікті бас ұйымды, оның бақылауындағы ұйымдарды және Топ елеулі ықпал ететін ұйымдарды қамтитын Компаниялар тобы ұсынуы тиіс.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бас компанияның және оның еншілес ұйымдарының қаржылық есептілігін қамтиды. Егер Топ инвестициялар объектісіне қатысудан түсетін кірістердің өзгеру тәуекелдеріне ұшыраса немесе осындай кірістерді алуға құқығы, сондай-ақ инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін жүзеге асыру арқылы осы кірістерге ықпал ету мүмкіндігі болған жағдайда бақылау жүзеге асырылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік есеп саясатында және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелерде көрсетілгендерді қоспағанда, бастапқы құн негізінде дайындалған.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік қазақстандық теңгемен ұсынылған және егер өзгеше көрсетілмесе, барлық ақшалай сома таяудағы мың теңгеге дейін дөңгелектелген.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік есептеу қағидатына сәйкес жасалды. Операциялар мен оқиғалар бухгалтерлік есепте көрсетіледі және олар жататын кезеңде шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізіледі. Есептеу қағидаты шаруашылық операциялардың нәтижелерін, сондай-ақ Топтың шаруашылық қызметінің нәтижесі болып табылмайтын, бірақ төлем уақытына қарамастан олардың жасалу фактісі бойынша оның қаржылық жағдайына әсер ететін оқиғаларды танумен қамтамасыз етіледі.

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің барлық элементтері қоса беріліп отырған қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте баптар түрінде ұсынылған. Қаржылық есептіліктің бірнеше элементтерін бір бапқа біріктіру олардың Топтың қызметіндегі сипаттамалары ескеріле отырып жүргізілді.

3. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке қаржылық есептілік элементтерін айқындауға және оларды тану шартына жауап беретін барлық операциялар мен оқиғалар енгізілген. Топ объектімен байланысты кез келген экономикалық пайда алынатынына немесе жоғалатынына, сондай-ақ объектінің сенімді өлшенуі мүмкін құны немесе бағасы болатынына айтарлықтай дәрежеде сенімді. Шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі баптарды ұсыну және жіктеу бір кезеңнен келесісіне дейін сақталады.

Есеп саясатын және деректерді ұсыну тәртібін өзгерту

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау кезінде қабылданған есеп саясаты 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін жасау кезінде қолданылған саясатқа сәйкес келеді.

3. ЖАҢА СТАНДАРТТАР, ТҮСІНДІРМЕЛЕР ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ СТАНДАРТТАР МЕН ТҮСІНДІРМЕЛЕРГЕ ТҮЗЕТУЛЕР

Ағымдағы жылы күшіне енген ХҚЕС-тің жаңа және өзгертілген стандарттары:

ХҚЕС (IAS) 7 Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп және ХҚЕС (IFRS) 7 Қаржы құралдары: өнім берушілерді қаржыландыру туралы келісімдерге қатысты ақпаратты ашу түзетулері

Топ алғаш рет ХҚЕС (IAS) 7 Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп және ХҚЕС (IFRS) 7 Қаржы құралдары: ағымдағы есепті кезеңде өнім берушілерді қаржыландыру туралы келісімдерге қатысты ақпаратты ашу түзетулерін алғаш рет қолданды.

Түзетулер ХҚЕС (IAS) 7-де ақпаратты ашу мақсатын енгізеді, оған сәйкес ұйым қаржылық есептілікті пайдаланушыларға осы келісімдердің ұйымның міндеттемелеріне және ақша қаражатының қозғалысына әсерін бағалауға мүмкіндік беретін өнім берушілерді қаржыландыру туралы өз келісімдері туралы ақпаратты ұсынуға тиіс.

Бұған қосымша, ХҚЕС (IFRS) 7 өнім берушілерді қаржыландыру туралы келісімдер өтімділікті шоғырландыру тәуекелі туралы ақпаратты ашуды талап ететін факторлар тізбесіне енгізілгені туралы ережемен толықтырылды.

Түзетулер Топ осы өзгерістерді алғаш рет қолданатын бірінші жылдық есепті кезеңде қолданылатын ерекше өтпелі ережелерді қамтиды. Осы өтпелі ережелерге сәйкес ұйым:

- түзетулерді қолданудың бірінші кезеңінің алдындағы есепті кезеңдер үшін салыстырмалы ақпаратты;
- ұйым осы түзетулерді алғаш рет қолданатын бірінші есепті кезеңнің басындағы ХҚЕС (IAS) 7:44H (b) (ii) - (iii) тармақтарында көзделген ақпаратты ашуға міндетті емес.

Ағымдағы жылы Топ 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолдану үшін міндетті болып табылатын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес (ХҚЕС) шығарған ХҚЕС стандарттарына бірқатар өзгерістерді қолданды. Осы өзгерістер ұсынылған ақпаратты ашуға немесе қаржылық есептілікте көрсетілген сомаға елеулі әсер еткен жоқ.

ХҚЕС (IAS) 1 түзетулер Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу

Топ алғаш рет 2020 жылғы қаңтарда жарияланған ХҚЕС (IAS) 1-ге түзетулерді қолданды.

Түзетулер қаржылық жағдай туралы есепте қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде міндеттемелерді ұсынуға ғана қатысты және активтерді, міндеттемелерді, кірістерді немесе шығыстарды, сондай-ақ осы баптар бойынша ашылатын ақпаратты тану тәртібін қозғамайды.

Russell Bedford A+ Partners

3. ЖАҢА СТАНДАРТТАР, ТҮСІНДІРМЕЛЕР ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ СТАНДАРТТАР МЕН ТҮСІНДІРМЕЛЕРГЕ ТҮЗЕТУЛЕР (жалғасы)

Өзгерістер міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу ұйымның міндеттемелерді өтеу мерзімін кейінге қалдыруға өз құқығын жүзеге асыратындығына қатысты күтулерге емес, есепті кезеңнің аяғында бар құқықтарға негізделетінін нақтылайды. Сондай-ақ, егер ұйым есепті кезеңнің соңында ковенанттарды сақтаса, құқықтар қолданыстағы болып есептеледі және өтеу терминінің анықтамасы енгізіледі, ол деп контрагентке ақша қаражатын, үлестік құралдарды, өзге активтерді немесе қызметтерді беру түсініледі.

ХҚЕС (IAS) 1 түзетулер Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу

Топ алғаш рет 2022 жылғы қарашада жарияланған ХҚЕС (IAS) 1-ге түзетулерді қолданды.

Түзетулер ұйым есепті кезеңге дейін немесе оның аяғында сақтауға міндетті ковенанттар ғана ұйымның міндеттемені өтеуді есепті күннен кейін кемінде он екі айға кейінге қалдыру құқығына әсер ететінін белгілейді (және тиісінше міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу кезінде ескерілуі тиіс). Бұл ковенанттар, тіпті егер ковенанттың нақты сақталуы есепті күннен кейін ғана бағаланса да (мысалы, егер ковенант есепті күнгі ұйымның қаржылық жағдайымен байланысты болса, бірақ оның сақталуы кейіннен ғана тексеріледі), ұйымның есепті кезеңнің соңына тиісті құқығының болуына әсер етеді.

ХҚЕСК сондай-ақ егер ұйым есепті кезеңнен кейін ғана ковенантты сақтауға міндетті болса, онда оның есепті күннен кейін 12 айдан астам мерзімге міндеттемені өтеуді кейінге қалдыру құқығы тәуекелге ұшырамайтынын түсіндірді. Алайда, егер ұйымның міндеттемелерді өтеуді кейінге қалдыру құқығы есепті кезеңнен кейінгі он екі ай ішінде ковенанттарды орындауға байланысты болса, ұйым есептілікті пайдаланушыларға міндеттемелерді мерзімінен бұрын өтеудің ықтимал тәуекелін түсінуге мүмкіндік беретін ақпаратты ашуға тиіс. Мұндай ақпарат: ковенанттардың сипаттамасын (олардың сипаты мен сақтау мерзімдерін); тиісті міндеттемелердің баланстық құнын; ковенанттарды орындаудың әлеуетті қиындықтарын көрсететін факторлар мен жағдайларды қамтуы тиіс.

ХҚЕС (IFRS) 16 Жалдау - кері жалдау арқылы сату мәмілелеріндегі жалдау бойынша міндеттемелер түзетулері

Топ бірінші рет ағымдағы есептік кезеңде ХҚЕС (IFRS) 16 түзетулерін қолданды.

ХҚЕС (IFRS) 16 түзетулері ХҚЕС (IFRS) 15 Клиенттермен шарттар бойынша түсімге сәйкес сатуды тану критерийлерін қанағаттандыратын кері жалдаумен сату мәмілелерінде жалдау бойынша міндеттемелерді кейіннен бағалауға қойылатын талаптарды енгізеді. Түзетулерге сәйкес жалға алушы-сатушы жалдау төлемдерін немесе қайта қаралған жалдау төлемдерін жалдау басталған күннен кейін активті пайдаланудың сақталған құқығына жататын пайданы немесе залалды тануды болдырмайтындай етіп айқындауы тиіс.

Түзетулер жалға алушы-сатушы танығаң, жалға алуды ішінара немесе толық тоқтатуға байланысты пайдаға немесе залалға әсер етпейді. Енгізілген талаптарсыз жалға алушы-сатушы өзінің иелігінде қалған пайдалану құқығы бойынша пайданы жалдау жөніндегі міндеттемелерді қайта санаудан ғана (мысалы, жалдау шарттарының өзгеруі салдарынан) тани алар еді. Бұл индексе немесе мөлшерлемеге тәуелді емес ауыспалы жалдау төлемдерін қамтитын кері жалдау мәмілелері жағдайында әсіресе өзекті.

Түзетулер шеңберінде ХҚЕСК ХҚЕС (IFRS) 16-дағы суреттемелік мысалдардың бірін де өзгертті және өзгермелі жалдау төлемдерін қамтитын кері жалдаумен сату мәмілелеріндегі активтер мен міндеттемелерді кейіннен бағалауды көрсететін жаңа мысалды қосты. Мысалдар сондай-ақ ХҚЕС (IFRS) 15-ке сәйкес сату сияқты білікті кері жалдаумен сату нәтижесінде туындайтын міндеттеме жалдау бойынша міндеттеме болып табылатынын нақтылайды.

Түзетулерді қолдану ХҚЕС (IFRS) 16 бастапқы қолдану күнінен кейін жасалған кері жалдаумен сату мәмілелеріне ХҚЕС (IAS) 8-ге сәйкес ретроспективті жүзеге асырылады.

3. ЖАҢА СТАНДАРТТАР, ТҮСІНДІРМЕЛЕР ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ СТАНДАРТТАР МЕН ТҮСІНДІРМЕЛЕРГЕ ТҮЗЕТУЛЕР (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген ХҚЕС-тің жаңа және қайта қаралған стандарттары

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті бекіту күніне Компания шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген ХҚЕС-тің мынадай жаңа және қайта қаралған стандарттарын қолданған жоқ:

ХҚЕС (IAS) 21 түзетулері	Валютаның айырбасталымдылығын шектеу
ХҚЕС (IFRS) 18	Қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну және ашу
ХҚЕС (IFRS) 19	Жария есептілігі жоқ еншілес компаниялар: ақпаратты ашу

Топ басшылығы көрсетілген стандарттарды қолдану келесі жағдайларды қоспағанда, алдағы есепті кезеңдерде Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне елеулі әсер етеді деп күтпейді.

ХҚЕС (IAS) 21 Валюта бағамдарының өзгеруінің әсері - Валюта айырбасталуын шектеу түзетулері

Түзетулер валютаның айырбасталатын болып табылатынын қалай бағалауды және айырбасталмайтын жағдайда айырбас бағамын қалай айқындауды нақтылайды.

Түзетулерге сәйкес, егер ұйым қалыпты әкімшілік кідірісті ескеруге мүмкіндік беретін мерзімде және нарық немесе айырбастау тетігі арқылы басқа валютаны ала алатын болса, валюта басқа валютаға айырбасталады деп есептеледі.

Ұйым нақты уақыт сәтінде және белгілі бір мақсат үшін валютаның айырбасталымдылығын бағалайды. Егер ұйым осы мақсат үшін бағалау күніне басқа валютаның елеусіз сомасынан артық ала алмаса, валюта айырбасталмайтын болып есептеледі.

Айырбасталымдылықты бағалау ұйымның айырбастау ниетіне немесе шешіміне емес, басқа валютаны алу қабілетіне негізделеді.

Егер валюта айырбасталымды болып табылмаса, ұйым бағалау күніндегі споттың тиісті бағамын бағалауға тиіс. Спот бағамын бағалаудың мақсаты ағымдағы экономикалық жағдайларда нарықтық қатысушылар арасында реттелген мәміле жасалуы мүмкін баға деңгейін көрсететін айырбас бағамын айқындау болып табылады.

Түзетулер спот бағамын бағалаудың нақты әдісін белгілемейді, алайда ұйым бақыланатын айырбас бағамын түзетусіз немесе бағалаудың өзге әдісін пайдалана алады. Бақыланатын курстардың мысалы ретінде:

- айырбасталымдылығы бағаланатыннан өзге мақсат үшін спот бағамы;
- айырбасталымды қалпына келтіргеннен кейін ұйым басқа валютаны ала алған айырбастаудың бірінші бағамы пайдаланыла алады.

Бағалаудың басқа әдісін пайдаланған кезде ұйым кез келген бақыланатын айырбас бағамын (мысалы, нарықтардағы мәмілелер бағамдарын немесе орындалуы мүмкін құқықтар мен міндеттемелерді жасамайтын тетіктер арқылы) қолдана алады және егер бұл спот бағамын бағалау мақсатына қол жеткізу үшін қажет болса, осы бағамды түзете алады.

Егер ұйым спот бағамын валютаның айырбасталмауы жағдайында бағаласа, ол есептілікті пайдаланушыларға айырбасталымның болмауы ұйымның қаржылық нәтижелеріне, қаржылық жағдайына және ақша қаражатының қозғалысына қалай әсер ететінін немесе әсер етуі мүмкін екенін түсінуге мүмкіндік беретін ақпаратты ашуға тиіс.

Russell Bedford A+ Partners

3. ЖАҢА СТАНДАРТТАР, ТҮСІНДІРМЕЛЕР ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ СТАНДАРТТАР МЕН ТҮСІНДІРМЕЛЕРГЕ ТҮЗЕТУЛЕР (жалғасы)

Түзетулер жаңа талаптарды қолдану жөніндегі басшылыққа алынатын нұсқауларды, сондай-ақ олардың гипотетикалық жағдайларда қолданылуын көрсететін суреттемелік мысалдарды қамтитын ХҚЕС (IAS) 21-ге жаңа қосымшаны қамтиды.

Сондай-ақ ХҚЕСК айырбасталымдылықты бағалау бөлігінде ХҚЕС (IAS) 21 қайта қаралған нұсқасымен келісу үшін ХҚЕС (IFRS) 1-ге тиісті өзгерістер енгізді.

Түзетулер 2025 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен күшіне енеді. Түзетулерді ретроспективті қолдануға жол берілмейді; оның орнына ұйымдар арнайы өтпелі ережелерді ұстануға міндетті.

Топ басшылығы осы түзетулерді қолдану болашақта Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етуі мүмкін деп күтеді.

ХҚЕС (IFRS) 18 Қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну және ашу

ХҚЕС (IFRS) 18 ХҚЕС (IAS) 1 ауыстырады, бұл ретте ХҚЕС (IAS) 1 талаптарының көп бөлігі өзгеріссіз сақталады. Жаңа стандарт оларды қосымша талаптармен толықтырады. Бұдан басқа, ХҚЕС (IAS) 1 кейбір тармақтары ХҚЕС (IAS) 8 және ХҚЕС (IFRS) 7-ге көшірілді. Сондай-ақ ХҚЕС (IAS) 7 және ХҚЕС (IAS) 33 Акцияға шаққандағы пайда болмашы өзгерістер енгізілді.

ХҚЕС (IFRS) 18 жаңа талаптарды енгізеді:

- пайда мен залал туралы есепте белгілі бір санаттар мен аралық қорытындыларды ұсыну;
- есептілікке ескертпелерде басқару есептілігі метрикасын (БЕМ) ашу;
- ақпаратты агрегаттау және дезагрегациялау қағидаттарын жақсарту.

Ұйым мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен 2027 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін ХҚЕС (IFRS) 18 қолдануға тиіс. ХҚЕС (IAS) 7 және ХҚЕС (IAS) 33 түзетулер, сондай-ақ қайта қаралған ХҚЕС (IAS) 8 және ХҚЕС (IFRS) 7 ХҚЕС (IFRS) 18-бен қолданумен бір мезгілде күшіне енеді. ХҚЕС (IFRS) 18 көзделген өтпелі ережелерді қоспағанда, ретроспективті қолдануды талап етеді.

Топ басшылығы осы түзетулерді қолдану болашақта Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етуі мүмкін деп күтеді.

ХҚЕС (IFRS) 19 Жария есептілігі жоқ еншілес компаниялар: ақпаратты ашу

ХҚЕС (IFRS) 19 білікті еншілес компанияларға ХҚЕС-ке сәйкес қаржылық есептілікті жасау кезінде ақпаратты ашуға қысқартылған талаптарды қолдануға мүмкіндік береді.

Еншілес компания, егер оның жария есептілігі болмаса немесе оның түпкілікті немесе аралық бас компаниясы ХҚЕС талаптарына сәйкес келетін және жария пайдалану үшін қолжетімді шоғырландырылған қаржылық есептілікті құрайтын болса, қысқартылған ашуға құқығы бар.

ХҚЕС (IFRS) 19 білікті еншілес компанияларға ХҚЕС-ке сәйкес қаржылық есептілікті жасау кезінде ақпаратты ашуға қысқартылған талаптарды қолдануға мүмкіндік береді.

Russell Bedford A+ Partners

3. ЖАҢА СТАНДАРТТАР, ТҮСІНДІРМЕЛЕР ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ СТАНДАРТТАР МЕН ТҮСІНДІРМЕЛЕРГЕ ТҮЗЕТУЛЕР (жалғасы)

Ұйым ХҚЕС (IFRS) 19, егер есепті кезеңнің соңында:

- ол еншілес компания (аралық бас компанияны қоса алғанда) болып табылса;
- оның жария есептілігі болмаса;
- оның түпкілікті немесе аралық бас компаниясы ХҚЕС-ке сәйкес келетін және көпшілікке пайдалану үшін қолжетімді шоғырландырылған есептілікті жасайтын болса, қолдана алады.

Еншілес компания, егер:

- оның борыштық немесе үлестік құралдары жария нарықта сатылады не ол жария нарықта (ұлттық немесе шетелдік қор биржасында, биржадан тыс нарықта, жергілікті және өңірлік нарықтарды қоса алғанда) сауда үшін осындай құралдарды шығару процесінде болса;

немесе

- ол өзінің негізгі қызмет түрлерінің бірі ретінде үшінші тараптардың кең тобының атынан сенімгерлік басқарудағы активтерді ұстайтын болса (мысалы, банктер, кредиттік одақтар, сақтандыру компаниялары, брокерлер/дилерлер, инвестициялық пай қорлары және инвестициялық банктер әдетте осы критерийге сәйкес келеді), жария есептілігі бар болып есептеледі.

ХҚЕС (IFRS) 19 қолдануға құқығы бар компаниялар оны шоғырландырылған, жеке немесе жеке қаржылық есептілікте пайдалана алады. Шоғырландырылған есептілікте ХҚЕС (IFRS) 19 қолданбайтын аралық бас компания оны жеке қаржылық есептілікте қолдана алады.

Жаңа стандарт 2027 жылғы 1 қаңтардан басталатын есептік кезеңдер үшін мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен күшіне енеді. Егер компания ХҚЕС (IFRS) 19-ды ХҚЕС (IFRS) 18-ге қарағанда ерте қолданса, ол ХҚЕС (IFRS) 19-ға қосымшада белгіленген ақпаратты ашуға қойылатын талаптардың түрлендірілген жинағын пайдалануға тиіс. Егер компания ХҚЕС (IAS) 21-ге түзетулерден бұрын ХҚЕС (IFRS) 19 қолданса, ол валютаның айырбасталмайтындығы туралы ақпаратты ашу бөлігінде ХҚЕС (IFRS) 19 талаптарын қолдануға міндетті емес.

Топ басшылығы шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау мақсатында ХҚЕС (IFRS) 19 қолдануды болжамайды.

Жоғарыда көрсетілген түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне елеулі әсер еткен жоқ.

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Активтер мен міндеттемелерді ағымдағы және ұзақ мерзімді ретінде жіктеу

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте Топ активтер мен міндеттемелерді ағымдағы (қысқа мерзімді) және ұзақ мерзімді жіктеу негізінде ұсынады. Актив, егер:

- оны өткізу көзделсе немесе ол әдеттегі операциялық цикл шеңберінде сату немесе тұтыну үшін арналса;
- ол негізінен сауда мақсаттарына арналса;
- оны есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 (он екі) ай ішінде іске асыру болжанып отырса;
- есепті кезең аяқталғаннан кейін кемінде 12 (он екі) ай ішінде оны айырбастауға немесе міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ол ақша қаражатын немесе олардың баламаларын білдірсе, ағымдағы (қысқа мерзімді) болып табылады.

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Барлық өзге активтер ұзақ мерзімді активтер ретінде жіктеледі. Міндеттеме, егер:

- оны әдеттегі операциялық цикл шеңберінде өтеу болжанып отырса;
- ол негізінен сауда мақсаттары үшін ұсталса;
- бірақ есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 (он екі) ай ішінде өтелуге тиіс болса; немесе
- Топтың есепті кезең аяқталғаннан кейін кемінде 12 (он екі) ай ішінде міндеттемені өтеуді кейінге қалдыруға сөзсіз құқығы жоқ болса, ағымдағы (қысқа мерзімді) болып табылады.

Топ барлық өзге міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді. Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Әділ құнды бағалау

Әділ құн активті сатқаны үшін алынатын немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында әдеттегі тәртіппен жасалатын мәміле шеңберінде міндеттемені бергені үшін төленетін баға болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша мәміле:

- не осы актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- не негізгі нарық болмаған жағдайда осы актив немесе міндеттеме үшін неғұрлым қолайлы нарықта орын алады деп болжайды.

Топтың негізгі немесе неғұрлым қолайлы нарыққа қолжетімділігі болуы тиіс.

Активтің немесе міндеттеменің әділ құны активтің немесе міндеттеменің бағасын айқындау кезінде нарыққа қатысушылар пайдалануы мүмкін жорамалдарды пайдалана отырып бағаланады, бұл ретте нарыққа қатысушылар өздерінің ең жақсы мүдделері үшін әрекет етеді деп болжанады. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау

- нарыққа қатысушының не активті ең жақсы және неғұрлым тиімді түрде пайдалану арқылы, не
- осы активті ең жақсы және неғұрлым тиімді түрде пайдаланатын нарықтың басқа қатысушысына сату нәтижесінде экономикалық пайданы генерациялау мүмкіндігін ескереді.

Топ қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып табылатын және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті деректерге қол жетімді, бұл ретте орынды бақыланатын бастапқы деректерді барынша пайдалана отырып және бақыланбайтын бастапқы деректерді барынша аз пайдалана отырып, бағалау әдістемелерін пайдаланады.

Әділ құны қаржылық есептілікте бағаланатын немесе ашылатын барлық активтер мен міндеттемелер жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде төменде сипатталған әділ құн көздерінің иерархиясы шеңберінде жіктеледі:

- 1-деңгей - ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтағы бағалардың нарықтық бағамдалуы (қандай да бір түзетулерсіз);
- 2-деңгей - сатылықтың неғұрлым төмен деңгейіне жататын әділ құнды бағалау үшін елеулі бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын бағалау модельдері;
- 3-деңгей - сатылықтың неғұрлым төмен деңгейіне жататын әділ құнды бағалау үшін елеулі бастапқы деректер нарықта байқалмайтын бағалау модельдері.

Әділ құн туралы ақпаратты ашу мақсатында Топ активтер мен міндеттемелерді олардың сипаты, оларға тән сипаттамалар мен тәуекелдер, сондай-ақ жоғарыда көрсетілгендей әділ құн көздерінің иерархиясында қолданылатын деңгей негізінде жіктеді.

Russell Bedford A+ Partners

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Негізгі құралдар

Тану және есепке алу

Негізгі құралдардың объектілері сатып алу құны бойынша жинақталған тозу мен құнсызданудан болған залалдар шегеріле отырып көрсетіледі.

Құн активті сатып алумен тікелей байланысты шығындарды қамтиды. Шаруашылық тәсілмен дайындалған немесе салынған активтердің құны материалдар мен тікелей жұмыс күшінің құнын, оларды болжамды пайдалану үшін активті жұмыс жағдайына келтірумен тікелей байланысты кез келген өзге де шығындарды, сондай-ақ заттарды бөлшектеу мен жою және олар орналасқан учаскені қалпына келтіру жөніндегі шығыстарды және қарыздар бойынша капиталдандырылған шығындарды қамтиды.

Егер негізгі құралдардың объектісі пайдалы пайдаланудың әртүрлі мерзімі бар жекелеген компоненттерден тұрса, олардың әрқайсысы негізгі құралдардың шоғырландырылған объектісі (маңызды компонент) ретінде ескеріледі.

Негізгі құралдар объектісінің шығуынан кірістің немесе залалдың кез келген сомасы оның шығуынан түскен түсімді оның баланстық құнымен салыстыру арқылы айқындалады және таза кіріс немесе залал құрамында «өзге кірістер» немесе «өзге шығыстар» жолы бойынша нетто-негізде танылады.

Кейінгі шығындар

Негізгі құралдар объектісінің бір бөлігін (елеулі құрамдас бөлігін) ауыстыруға байланысты шығындар, егер Топтың көрсетілген бөлікке байланысты болашақ экономикалық пайда алу ықтималдығы жоғары болып табылған және оның құнын сенімді айқындауға болатын жағдайда, осы объектінің баланстық құнын ұлғайтады. Ауыстырылған бөліктің баланстық құны есептен шығарылады. Негізгі құралдардың объектілерін ағымдағы жөндеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығыстар олар туындаған сәттегі кірістер мен шығыстарда танылады.

Тозу

Тозу активтің пайдалы қызметінің күтілетін мерзімі ішінде оның тарату құнына дейін тура әдіс бойынша есептеледі. Негізгі құралдардың күтілетін пайдалы қызмет мерзімдері:

	Пайдалы қызмет мерзімі, жыл
Ғимараттар мен құрылыстар	25-50
Компьютерлер және ұйымдастыру техникасы	4-8
Көлік құралдары	4-8
Өзге де негізгі құралдар	3-4

Ұтымды пайдаланудың күтілетін мерзімдері және негізгі құралдардың тарату құны әрбір есепті күнгі жағдай бойынша талданады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Топ негізгі құралдардың пайдалы қызметінің қалған мерзімін ең болмағанда әрбір қаржы жылының соңында бағалайды және егер күту алдыңғы бағалаулардан өзгеше болса, өзгерістер ХБЕС 8 «Есеп саясаты, есеп айырысу бағаларындағы өзгерістер және қателер» сәйкес есеп айырысу бағаларындағы өзгерістер ретінде ескеріледі. Бұл бағалаулар негізгі құралдардың баланстық құнының және пайда мен залалдар туралы есепте танылған тозудың және өзге де жиынтық кірістің сомасына елеулі әсер етуі мүмкін. Есепті күні басшылық негізгі құралдардың қалған қызмет ету мерзіміне баға берді және негізгі құралдардың қызмет ету мерзімін қайта қарау талап етілмейді деген қорытындыға келді.

Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер

Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер салық салынатын уақытша айырмашылықтар мен мұндай шығыстардың коммерциялық сипаты негізделетін елеулі ықтималдық бар дәрежеде пайдаланылмаған барлық салық залалдары бойынша танылады. Болашақтағы салық салынатын пайданың ықтимал мерзімдері мен мөлшері, сондай-ақ салықтық жоспарлаудың болашақ стратегиялары негізінде қаржылық есептілікте тануға болатын кейінге қалдырылған салық бойынша активтердің сомасын анықтау үшін басшылықтың елеулі пайымдауы қажет.

Топ салықтардың қосымша сомаларының туындау мүмкіндігін бағалау негізінде салық міндеттемелерін таниды. Ұсталған салықтардың түпкілікті сомалары бастапқы танылған сомалардан ерекшеленетін жағдайларда, мұндай айырмалар осындай салық шығыстары жұмсалған кезеңдегі кейінге қалдырылған салық бойынша шығысқа әсер етеді.

Салық салу

Салықтық тәуекелдерді бағалау кезінде басшылық ықтимал міндеттемелер ретінде Топ даулай алмайтын не егер салық органдары тарапынан бағаланатын болса, табысты даулай алады деп санамайтын салық позицияларының белгілі салаларын қарайды. Мұндай анықтамалар елеулі пайымдауларды көздейді және салық заңнамасы мен нормативтік актілердегі өзгерістер, салық түсімдерінен күтілетін нәтижелерді және салық органдарының салықтық тексеру нәтижелерін айқындау нәтижесінде өзгеруі мүмкін.

Салыстырмалы ақпарат

Жыл ішінде қаржылық есептілікті ұсыну форматы өзгерген кезде салыстырмалы деректерге оларды ұсынудың жаңа форматына сәйкес келтіру үшін тиісті өзгерістер енгізіледі.

Тиісті баптарды қайта жіктеу нәтижесінде Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің мынадай көрсеткіштері қайта қаралды:

- Сот талабы бойынша резерв бойынша шығыстар әкімшілік шығыстардың құрамынан басқа кірістер/шығыстар құрамына қайта жіктелді, нетто.

Russell Bedford A+ Partners

5. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

мың теңге	Жер	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар мен жабдықтар	Көлік құралдары	Басқалар	Жиыны
2023 жылғы 1 қаңтарға бастапқы құны	**1,173,452**	**1,455,017**	**254,242**	**35,667**	**364,756**	**3,283,134**
Түсім	75,293	9,125,273	1,220,570	15,500	50,331	**10,486,967**
Істен шығу	-	(683,599)	(839)	-	(27,812)	**(712,250)**
2023 жылғы 31 желтоқсанға	**1,248,745**	**9,896,691**	**1,473,973**	**51,167**	**387,275**	**13,057,851**
Түсім	352,369	1,057,868	48,592	-	61,368	**1,520,197**
Қорлардан және аяқталмаған құрылыстан аударымдар	-	-	-	-	135	**135**
Қайта жіктеу	-	-	(67,524)	67,524	-	**-**
Істен шығу	-	(839,286)	(36,461)	-	(23,096)	**(898,843)**
2024 жылғы 31 желтоқсанға	**1,601,114**	**10,115,273**	**1,418,580**	**118,691**	**425,682**	**13,679,340**
2023 жылғы 1 қаңтарға жинақталған тозу	-	**(165,183)**	**(98,781)**	**(17,965)**	**(193,421)**	**(475,350)**
Есептелген	-	(396,408)	(81,087)	(5,150)	(56,023)	**(538,668)**
Істен шығу	-	20,640	686	-	27,246	**48,572**
2023 жылғы 31 желтоқсанға	**-**	**(540,951)**	**(179,182)**	**(23,115)**	**(222,198)**	**(965,446)**
Есептелген	-	(261,113)	(60,386)	(7,389)	(71,735)	**(400,623)**
Қайта жіктеу	-	-	3,904	(3,904)	-	**-**
Істен шығу	-	37,013	13,113	-	21,488	**71,614**
2024 жылғы 31 желтоқсанға	**-**	**(765,051)**	**(222,551)**	**(34,408)**	**(272,445)**	**(1,294,455)**
2023 жылғы 31 желтоқсанға баланстық құны	**1,248,745**	**9,355,740**	**1,294,791**	**28,052**	**165,077**	**12,092,405**
2024 жылғы 31 желтоқсанға	**1,601,114**	**9,350,222**	**1,196,029**	**84,283**	**153,237**	**12,384,885**

6. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ МҮЛІК

мың теңге	Жер	Ғимараттар мен құрылыстар	Басқалар	Жиыны
2023 жылғы 1 қаңтарға бастапқы құны	**64,886,188**	**981,590**	**38,602**	**65,906,380**
Түсімдер	-	152,703	-	**152,703**
Істен шығу	(59,730,912)	(206,155)	-	**(59,937,067)**
2023 жылғы 31 желтоқсанға	**5,155,276**	**928,138**	**38,602**	**6,122,016**
Түсімдер	-	1,229,424	-	**1,229,424**
Істен шығу	-	(71,000)	(35,356)	**(106,356)**
2024 жылғы 31 желтоқсанға	**5,155,276**	**2,086,562**	**3,246**	**7,245,084**
2023 жылғы 1 қаңтарға жинақталған тозу	**-**	**(171,280)**	**(27,765)**	**(199,045)**
Құнсызданудан болған залалды қалпына келтіру	-	61,096	-	**61,096**
2023 жылғы 01 қаңтарға қалпына келтірілгеннен кейін	**-**	**(110,184)**	**(27,765)**	**(137,949)**
Жыл ішінде есептелді	-	(49,586)	(2,608)	**(52,194)**
Істен шығу	-	18,355	-	**18,355**
2023 жылғы 31 желтоқсанға	**-**	**(141,415)**	**(30,373)**	**(171,788)**
Құнсызданудан болған залалды қалпына келтіру	-	(45,109)	(491)	**(45,600)**
2023 жылғы 31 желтоқсанға қалпына келтірілгеннен кейін	**-**	**(186,524)**	**(30,864)**	**(217,388)**
Кезең үшін есептелді	-	(62,080)	(2,258)	**(64,338)**
Істен шығу	-	17,200	30,196	**47,396**
2024 жылғы 31 желтоқсанға	**-**	**(231,404)**	**(2,926)**	**(234,330)**
2023 жылғы 31 желтоқсанға баланстық құны	**5,155,276**	**741,614**	**7,738**	**5,904,628**
2024 жылғы 31 желтоқсанға	**5,155,276**	**1,855,158**	**320**	**7,010,754**

Топтың инвестициялық мүлкіне Алматы қаласында орналасқан жалға алуға арналған жылжымайтын мүлік кіреді. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы инвестициялық мүліктің әділ құны шамамен оның баланстық құнына тең.

Russell Bedford A+ Partners

7. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

мың теңге	31.12.2024	31.12.2023
Ұзақ мерзімді бөлім		
Үшінші тараптарға берілген қарыздар	2,163,076	388,000
Шағын және орта бизнеске кредит беру	21,096,558	15,590,749
Дисконт	(347,736)	(58,704)
Күтілетін кредиттік залалдар резерві	(240,897)	(251,674)
Ұзақ мерзімді қаржы активтерінің жиыны	**22,671,001**	**15,668,371**
Ағымдағы бөлік		
Үшінші тараптарға берілген қарыздар	2,575,539	2,830,508
Шағын және орта бизнеске кредит беру	236,575	95,652
Тұрақсыздық айыбы, айыппұл, өсімпұл	13,395	-
Дисконт	(517,217)	-
Күтілетін кредиттік залалдар резерві	(108,501)	(168,000)
Ағымдағы қаржы активтерінің жиыны	**2,199,791**	**2,758,160**
Қаржы активтерінің жиыны	**24,870,792**	**18,426,531**

Үшінші тараптарға берілген қарыздар

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысында көзделген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын ұстап тұру жөніндегі іс-шаралар шеңберінде Топ сыйақының пайыздық мөлшерлемесі 0.01% болатын қысқа мерзімді қарыздар береді.

Шағын және орта бизнеске кредит беру

Топ кәсіпкерлік мақсаттарға Алматы қаласының шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жылдық 2% -12% жеңілдікті сыйақы мөлшерлемесімен қарыз береді.

Топ клиенттерге кепілдік түрінде қамтамасыз етуді, сондай-ақ құны тәуелсіз бағалау компаниясы айқындайтын жылжымайтын мүлікті ала отырып кредиттер береді.

Қаржы активтерінің қозғалысы былайша берілген:

мың теңге	2024	2023
Номиналды құны және дисконт		
1 қаңтарда	18,846,205	17,976,762
Негізгі борышты беру	16,667,508	13,999,276
Негізгі борышты өтеу	(9,530,349)	(13,191,594)
Айыппұлдар	7,238	-
Есептелген пайыздар	958,495	867,339
Алынған пайыздар	(927,607)	(861,532)
Салықтар мен төлемдер	(306)	(57)
Басқалары	(23,151)	(5,493)
Дисконт	(963,264)	-
Дисконт амортизациясы	185,421	61,504
Кезең соңында	**25,220,190**	**18,846,205**

Қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік залалдарға резервтің қозғалысы былайша берілген:

мың теңге	2024	2023
1 қаңтарда	(419,674)	(503,338)
Есептелген	(33,167)	(64,224)
Қалпына келтірілді	103,443	147,888
Кезең соңында	**(349,398)**	**(419,674)**

Russell Bedford A+ Partners

8. ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

мың теңге	31.12.2024	31.12.2023
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің ұзақ мерзімді берешегі	67,937,135	70,919,978
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешектің құнсыздануынан болатын шығындарға арналған бағалау резерві	(7,115,927)	(6,907,692)
Дисконт	(13,327,163)	(20,509,548)
	47,494,045	**43,502,738**

Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек контрагенттердің бөліп-бөліп төлеуге өткізілген активтер бойынша берешегімен, сондай-ақ инвестициялау шарттарымен берілген.

2020 жылы Алматы қаласының тұрғын үй қорын жөндеу шеңберінде Әл-Фараби көшесі. Розыбакиев даңғылы – Гагарин даңғылы қисылысында «Русалдинг Line» ЖШС көппәтерлі тұрғын үй кешенін салу жобасын іске асыру үшін инвестициялық шарт жасасты.. 2021 жылғы 3 шілдеде қосымша келісім жасалып, «Совкомбанк» ЖАҚ-ның тартылған рубльдік қарызынан инвестициялық кірістің 14% шартымен 5,260,000 мың теңге мөлшерінде инвестициялар берілді. Топ құнсызданудан болған залалға резервті толық сомаға есептеді.

2022 жылы «RBest Home» ЖШС-мен инвестициялау шарты жасалды және қайтару мерзімі 2022 жылғы 30 маусымнан кешіктірмей «Four Seasons Villa» коттедж қалашығын салу үшін инвестициялық кірістің 16% пайыздық мөлшерлемесімен 1,200,000 мың теңге мөлшерінде инвестициялар ұсынылды инвестицияларды қайтару мерзімінің бұзылуына байланысты кепіл мүлікті шегергендегі берешек.

2023 жылы «Аск Престиж» ЖШС, «Sensata Construction» ЖШС және «ҚазСпецЭнергоСервис» ЖШС-мен Түріксіб ауданының «Қайрат» ықшам ауданында орналасқан «Шығыс қақпасы» жобасы бойынша жаңа аудан құрылысын жүзеге асыру үшін 2027-2028 жылдарға дейінгі мерзімге Алматы қаласының полицентрикалық инфрақұрылымын дамыту мақсатында жобалық келісімдер жасалды. Аталған жоба шеңберінде Топ жер учаскелерін берді, ал контрагенттер жобаның іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек 16.75% мөлшерлеме бойынша күтілетін ақша ағындарының келтірілген құнын білдіретін берешектің әділ құнын көрсететін өзінің таза келтірілген құнына дейін дисконтталды, дисконт мөлшерінде танылды. 2023 жылғы қаржылық шығыстар құрамында 25,616,053 мың теңге, сондай-ақ оның амортизациясы 2024 жылы 7,182,385 мың теңгені (2023 жылы 5,157,381 мың теңгені құрады) құрайтын қаржылық кірістер құрамында танылды.

Қысқа мерзімді дебиторлық берешек төмендегі кестеде көрсетілген:

мың теңге	31.12.2024	31.12.2023
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі	4,951,333	394,354
Жылжымайтын мүлікті жалдау бойынша берешек	31,146	28,438
Жер учаскелерін жалдау бойынша берешек	30,779	14,834
Шағымдар бойынша берешек	180,356	224,665
Алынатын өзге де сыйақы	-	1,359
Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешек	1,320,016	932,927
Күмәнді талаптар бойынша резерв	(1,354,594)	(1,142,915)
	5,159,036	**453,662**

Дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік залалдарға резервтің қозғалысы былайша берілген:

мың теңге	2024	2023
1 қаңтарда	(8,050,607)	(10,488,312)
Есептеу/(Қалпына келтіру)	(419,914)	2,439,212
Есептен шығару	-	(1,507)
31 желтоқсанға	**(8,470,521)**	**(8,050,607)**

9. ӨЗГЕ ДЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

мың теңге	31.12.2024	31.12.2023
Аяқталмаған құрылыс	2,078,413	3,267,380
Жер учаскелері (инвестициялар)	6,466,268	7,113,504
Шарттар бойынша шығындардың құнсыздануы бойынша резерв	(2,925,949)	(2,502,673)
Инвестициялардың құнсыздануы бойынша резерв	-	(173,998)
	5,618,732	**7,704,213**

Өзге ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы бойынша резервтің қозғалысы былайша берілген:

мың теңге	2024 жыл	2023 жыл
1 қаңтарда	(2,925,949)	(3,074,804)
Қалпына келтіру	-	148,855
31 желтоқсанға	**(2,925,949)**	**(2,925,949)**

10. ҚОРЛАР

мың теңге	31.12.2024	31.12.2023
Пәтерлер мен үйлер	30,042,824	279,786
Паркингтер	966,688	952,966
Тұрғын емес үй-жайлар	599,967	959,950
Жобалау-сметалық құжаттама	62,691	31,258
Басқа материалдар	99,303	58,449
Тұрғын үйлердің аяқталмаған құрылысы	37,964	8,253,989
Тұрғын үй салу жөніндегі жобаларда пайдалануға арналған жер учаскелері және жер учаскелерін сатып алу құқықтары	1,780	37,964
Құнсыздануға арналған резерв	(81,937)	(81,966)
	31,729,280	**10,492,396**

11. БЕРІЛГЕН АВАНСТАР ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР

мың теңге	31.12.2024	31.12.2023
Пәтер салуға берілген аванстар	25,114,245	7,667,524
Қорларды жеткізуге және қызметтер көрсетуге берілген аванстар	1,389,366	1,136,355
Ағымдағы салық активтері	545,819	471,667
Тендерге қатысу үшін кепілдік жарналар	415,315	-
Басқалары	8,198	3,033
Минус: резерв	(100,900)	(123,675)
	27,372,043	**9,154,904**

12. РЕПО БОЙЫНША АКТИВ

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ пен BCC INVEST - БАНКЦЕНТРКРЕДИТ АҚ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ арасында 7,248,580 мың теңге сомасында (2023 жылғы 31 желтоқсанда: 11,728,105 мың теңге) «кері РЕПО» жабық келісімдері болды. Бұл келісімдердің мәні «Қазақстандық орнықтылық қоры» АҚ купондық облигациялары, ҚР Қаржы министрлігінің жылдық пайыздық мөлшерлемесі 2,5% - 14% болатын мемлекеттік бағалы қағаздары болды.

Russell Bedford A+ Partners

13. АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

мың теңге	31.12.2024	31.12.2023
Банк шоттарындағы ақша қаражаты, теңгемен	5,243,946	2,841,591
Теңгемен депозиттік шоттардағы ақша қаражаты	32,462,183	18,102,266
Қазынашылық шоттардағы ақша қаражаты	32,502,096	48,796,937
Күтілетін кредиттік залалдар резерві	(29,665)	(13,765)
	70,178,560	**69,727,029**
Пайдаланылуы шектелген ақша қаражаты	1,611,590	1,628,199
Пайдаланылуы шектелген ақша қаражатының	(1,611,590)	(1,628,199)
	-	-
	70,178,560	**69,727,029**

Қазынашылық шоттардағы ақша қаражаты «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Алматы қаласы бойынша Қазынашылық департаменті» РММ-не ақша қаражаты берілді. Ақша қаражаты 5 (бес) инвестициялық жобаны іске асыру мақсатында бөлінді. Осы шотта көрсетілген ақша қаражаты пайдалануда шектеулі болып табылады және Қаржылық-экономикалық негіздеме шеңберінде әзірленген инвестициялық бюджеттік жобалар бойынша төлемдерді жүзеге асыру үшін ғана пайдаланылуы мүмкін.

Депозиттік шоттардағы ақша қаражаты 14.75% - 15.25% (2023 ж.: 14.5% - 15.25%) мөлшерлемелері бойынша үш айға дейінгі мерзімге ҚР екінші деңгейдегі банктерде орналастырылған депозиттермен ұсынылған.

Пайдалануға шектелген ақша қаражаты бұрын «ҚазИнвестБанк» АҚ және «Астана-қаржы банкі» АҚ-да орналастырылған депозиттермен ұсынылған. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 291 қаулысына сәйкес «ҚазИнвестБанк» АҚ-ны банктік және өзге де операцияларды жүргізуге және бағалы қағаздар нарығындағы қызметке арналған лицензиясынан айыру туралы шешім қабылданды. Топтың «ҚазИнвестБанк» АҚ-да орналастырылған қаражаты 2,000,000 мың теңгені құрады.

2017 жылғы 17 мамырда «ҚазИнвестБанк» АҚ уақытша әкімшілігі тарапынан активтер мен міндеттемелерді «Альфа-Банк» ЕБ АҚ-ға біржолғы беру шарты жасалды. Осы шарт негізінде 2017 жылғы 23 маусымда «Альфа-Банк» ЕБ АҚ мен Топ арасында Топ пайдалануы шектелген ұзақ мерзімді ақша қаражаты ретінде жіктеген ақша қаражатын кепілге қою туралы шарт жасалды.

2018 жылғы қыркүйекте Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі «Банк Астана-финанс» АҚ-ның банк қызметін жүзеге асыруға берілген лицензиясын қайтарып алды. Топ осы банктегі салым сомасына толық сомаға күтілетін кредиттік залалдар резервін есептеді.

14. КАПИТАЛ

Жалғыз акционер және түпкілікті бақылаушы тарап туралы ақпарат 1-ескертпеде келтірілген.

2024 жылғы 31 желтоқсанда және 2023 жылғы 31 желтоқсанда Топтың акционерлік капиталы толығымен төленді және 193,351,569 мың теңгені құрайды.

2024 жылғы 31 желтоқсанда Топтың сатып алынған үлестік құралдарының сомасы толығымен 22,356,100 мың теңгені құрайды (2023 жылғы 31 желтоқсанда: 21,051,538 мың теңге).

2024 жылғы сәуірде жалғыз акционер Топтың бұрын сатып алынған 16,250 дана акцияларын жалпы сомасы 16,250 мың теңгеге бір акция үшін 1,000 теңге бағамен сатып алу және акция үшін ақы төлеу есебіне жылжымайтын мүлік объектісін беру туралы шешім қабылдады.

Russell Bedford A+ Partners

14. КАПИТАЛ (жалғасы)

2024 жылғы тамызда Алматы қаласы әкімдігінің қаулысымен жалпы сомасы 491,865 мың теңгеге салынған кәбілдік кәріздің инженерлік желілері Топтың меншігіне берілді және 458,275 мың теңгеге бір акция үшін 1,000 теңге бағамен Топтың бұрын сатып алынған 458,275 дана акциясын сатып алды.

Бұл жылжымайтын мүлік объектілері кейіннен еншілес компанияның жарғылық капиталына салым салу жолымен «Алматы қаласы әкімдігінің күрделі құрылыс кәсіпорны» ЖШС еншілес компаниясына беріле отырып алынды.

2024 жылғы қазанда әкімшілік ғимаратты Топтың бұрын сатып алынған 879,780 дана акциясын бір акциясы үшін бағасы 1,000 теңге жалпы сомасы 879,780 мың теңгеге төлеу үшін беру туралы шешім қабылданды.

2024 жылғы желтоқсанда жалғыз акционер 2,588,380 дана жалпы сомасы 2,588,380 мың теңге бір акция үшін 1,000 теңге бағамен өз акцияларын сатып алуды жүзеге асыру және № 3 коммуналдық автобус паркі құрылысы аяқталмаған объектілерін сатып алынатын акциялар есебінен Алматы қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы шешім қабылдады. Сатып алу операциясы 2025 жылдың 05 қаңтарында тіркелді.

Дивидендтер

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Топтың бөлінетін резервтері ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған оның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне сәйкес Топтың бөлінбеген кірісінен не көшірілетін залалдар жағдайында кезең ішіндегі кірісінен аспауы тиіс. Егер бұл Топтың капитал тапшылығына немесе дәрменсіздігіне әкеп соқса, бөлу жүргізілмейді. Есепті кезең ішінде дивидендтер жарияланған жоқ (2023 жылы: дивидендтер жарияланған жоқ).

15. АЛЫНҒАН ҚАРЫЗДАР

мың теңге	Өтеу мерзімі	Пайыздық мөлшерлеме	Валюта	31.12.2024	31.12.2023
Байланысты тараптар алдындағы қарыздар	2024-2026	0.01%	Теңге	9,135,103	11,949,520
				9,135,103	**11,949,520**
Қысқа мерзімді бөлім				6,230,608	4,240,207
Ұзақ мерзімді бөлім				2,904,495	7,709,313
				9,135,103	**11,949,520**

Байланысты тараптар алдындағы қарыздар

2019-2022 жылдар ішінде Топ амортизацияланатын құн бойынша ескерілген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын ұстап тұру үшін негізгі компаниядан жеңілдікті қарыздар алды. Қарыздар теңгемен номинацияланған, өтеу мерзімі 2024-2026 жж., сыйақы мөлшерлемесі жылдық 0,01% болатын қамтамасыз етілмеген болып табылады.

Қарыздар күтілетін ақша ағындарының келтірілген құнын білдіретін берешектің әділ құнын көрсететін өзінің таза келтірілген құнына дейін дисконтталды және бастапқы тану сәтінде 12.4% -19.2% құрады, Дисконттың амортизациясы және бағалаудағы өзгерістер кірістер мен шығыстар туралы есепте қаржылық кірістер (шығыстар) ретінде көрсетілді.

Russell Bedford A+ Partners

15. АЛЫНҒАН ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

Алынған қарыздардың қозғалысы былайша берілген:

мың теңге	2024	2023
Номиналды құны		
1 қаңтарда	14,999,997	26,574,000
Алынған қарыздар	5,000,000	-
Алынған қарыздарды қайтару	(8,000,000)	(8,820,000)
Есептелген пайыздар	1,477	463,681
Төленген пайыздар	(1,477)	(463,681)
Бағамдық айырма	-	(2,754,003)
31 желтоқсанға	**11,999,997**	**14,999,997**
Дисконт		
1 қаңтарда	(3,050,477)	(5,150,163)
Дисконтты тану	(2,046,344)	-
Бағалардағы өзгеріс	(819,424)	400,584
Дисконт амортизациясы	3,051,351	1,699,102
31 желтоқсанға	**(2,864,894)**	**(3,050,477)**
Баланстық құны		
Қысқа мерзімді бөлім	6,230,608	4,240,207
Ұзақ мерзімді бөлім	2,904,495	7,709,313
31 желтоқсанға	**9,135,103**	**11,949,520**

16. ӨЗГЕ ДЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН САТЫП АЛУШЫЛАРДЫҢ ШАРТТАРЫ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

мың теңге	31.12.2024	31.12.2023
Алынған аванстар	48,110,097	147,299
Шарттар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер	246,729	214,628
	48,356,826	**361,927**

17. САУДАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

мың теңге	31.12.2024	31.12.2023
Саудалық кредиторлық берешек	4,131,267	3,013,280
Талап-арыздар бойынша бағалау міндеттемесі	744,800	200,000
Жалақы бойынша берешек	7,332	216
Тұрғын үйді беру жөніндегі міндеттемелер бойынша жеке тұлғалар алдындағы берешек	6,261	6,261
Тендерге қатысу үшін кепілдік жарналар	2,670	82,563
Еншілес компанияларға сауда кредиторлық берешек	-	-
Өзге де кредиторлық берешек	263,802	150,372
	5,156,132	**3,452,692**

«Алматы қаласы Құрылыс басқармасы» КММ халықтың әлеуметтік осал топтары үшін тұрғын үй сатып алуға арналған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша міндеттемелердің толық орындалмауына байланысты «Алматы қаласы әкімдігінің күрделі құрылыс кәсіпорны» ЖШС еншілес компаниясына мемлекеттік бюджеттің пайдасына 931,000 мың теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын және 27,930 мың теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығын өндіріп алу үшін талап арыз берді. 2024 жылғы 17 сәуірде Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты аталған талапты қанағаттандыруға қаулы шығарды.

Russell Bedford A+ Partners

17. САУДАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК (жалғасы)

Осыған байланысты Топ талап бойынша бағалау міндеттемесі бойынша резервті таныды. 2024 жылғы 29 тамызда Топ 186,200 мың теңге мөлшерінде төлем жасады.

2024 жылғы 18 қыркүйекте Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі үйғарымы алынды, оған сәйкес «Алматы қаласы әкімдігінің күрделі құрылыс кәсіпорны» ЖШС-нің еншілес компаниясына шешімді орындау үшін 2024 жылғы 08 тамыздан 2025 жылғы 08 ақпанға дейін 6 айға бөліп төлеу ұсынылды, ай сайын 150,512 мың теңге мөлшерінде ақы төленеді.

2024 жылғы 8 қазанда «Алматы қаласы Құрылыс басқармасы» КММ «Алматы қаласы әкімдігінің күрделі құрылыс кәсіпорны» ЖШС еншілес компаниясына хат ұсынды, онда жыл сайын 186,200 мың теңге мөлшерінде ақы төлей отырып, 5 жылға бөліп төлеуді ұсынуды келіседі.

Жоғарыда көрсетілген хаттың болуына қарамастан, еншілес компания 2025 жылғы наурыздың соңына дейін осы қарызды толық көлемде өтеуді жоспарлап отыр.

18. САТЫП АЛУШЫЛАРМЕН ЖАСАЛҒАН ШАРТТАР БОЙЫНША ТҮСІМ

мың теңге	2024 жыл	2023 жыл
Пәтерлерді, тұрғын үйлерді және тұрғын емес үй-жайларды сату	6,842,577	2,937,179
Тамақ өнімдерін сатудан түскен кіріс	1,075,732	214,178
Алматы қаласының Алатау ауданындағы Индустриялық аймаққа қызмет көрсету және қамтамасыз ету жөніндегі операторлық қызметтер	1,027,408	1,732,545
Инвестициялық жылжымайтын мүлікті жалға беруден түскен кіріс	225,313	206,752
Өзге де іске асыру	–	737,255
Пәтерлерді өтеусіз беру	–	140,190
	9,171,030	**5,968,099**

Топ қызметтерді сатуды және пәтерлер мен тұрғын үйлерді беруді уақыт кезеңі ішінде жүзеге асырады, өйткені сатып алушы бір мезгілде Топ оларды жеткізуіне қарай пайданы алады және тұтынады.

19. ӨТКІЗУДІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

мың теңге	2024 жыл	2023 жыл
Пәтерлер мен тұрғын үйлердің өзіндік құны	6,499,785	2,240,886
Тамақ өнімдерінің өзіндік құны	1,075,732	214,178
Жалақы бойынша шығыстар	408,641	264,064
Амортизация	292,826	457,219
Коммуналдық шығыстар	115,658	-
Абаттандыру жұмыстары	96,803	-
Күзет қызметтері	70,980	-
Кәсіби қызметтер	55,945	30,823
Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар	44,482	21,689
Тұрғын емес үй-жайлардың өзіндік құны	28,962	166,376
Болашақ кезеңдердің шығыстары	24,058	12,589
Қызметтерге ақы төлеу шығыстары	-	137,545
Паркингтердің өзіндік құны	-	127,198
Басқалары	56,072	97,351
	8,769,944	**3,769,918**

20. ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

мың теңге	2024 жыл	2023 жыл
Жалақы бойынша шығыстар	2,126,138	2,283,384
Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар	177,281	166,960
Салық және бюджетке төленетін төлемдер	162,134	242,521
Тозу және амортизация	121,531	150,412
Жалдау бойынша шығыстар	93,127	78,419
Есепке алуға қабылданбаған ҚҚС	93,022	167,611
Жәрмеңкені өткізу бойынша шығыстар	68,384	56,309
Аудит және бағалау бойынша шығыстар	49,422	69,286
Персоналды ұсыну жөніндегі қызметтер	43,004	30,151
Сақтандыру бойынша шығыстар	36,605	28,024
Консультациялық қызметтер	33,264	34,308
Негізгі құралдарды жөндеу және қызмет көрсету	20,954	26,692
Іссапар шығыстары	11,526	14,899
РЕПО мәмілелері бойынша шығыстар	10,881	13,724
Ақпараттық қызметтер	9,740	9,820
Қаржылық қызметтер	8,292	6,103
Коммуналдық шығыстар	6,647	7,151
Материалдар	6,560	10,434
Байланыс қызметтері	6,119	3,140
Күзет қызметтері	5,905	6,781
Кеңсе үй-жайларын жинау	4,690	3,297
Бөгде ұйымдардың қызметтері	4,387	8,929
Банк қызметтері	1,948	23,107
Болашақ кезеңдердің шығыстары	1,518	1,412
Басқалары	129,592	107,184
	3,232,671	**3,550,058**

21. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР/(ШЫҒЫСТАР), НЕТТО

мың теңге	2024 жыл	2023 жыл
Қаржылық кірістер		
Бөліп төлеу шарттары бойынша дисконттың амортизациясы	7,182,385	5,157,381
РЕПО операциялары бойынша кірістер	2,222,362	2,587,857
Алынған қарыздар бойынша дисконт	2,865,768	(400,584)
Қарыздар бойынша сыйақылар	958,495	826,574
Депозиттер бойынша сыйақылар	834,951	2,114,542
Берілген қарыздар бойынша дисконт амортизациясы	185,421	61,506
Кепілдік бергені үшін комиссия	138,616	–
Инвестициялық қызметтен түскен кіріс	37,007	1,140,521
Қаржылық кірістер жиыны	**14,425,005**	**11,487,797**
Қаржылық шығыстар		
Алынған қарыздар бойынша дисконт амортизациясы	(3,051,351)	(1,699,104)
Берілген қарыздар бойынша дисконт	(963,264)	–
Қарыздар бойынша сыйақылар бойынша шығыстар	(1,477)	(463,681)
Бөліп төлеу шарттары бойынша дисконт	–	(25,616,053)
Қаржылық шығыстар жиыны	**(4,016,092)**	**(27,778,838)**
Қаржылық кірістердің (шығыстардың) жиыны	**10,408,913**	**(16,291,041)**

22. МҮЛІКТІ САТУДАН ТҮСКЕН КІРІСТЕР, НЕТТО

мың теңге	Мүлікті сатудан түскен кірістер	Мүлікті сату бойынша шығыстар	Мүлікті сатудан түскен кірістер жиыны, нетто
2024 жыл			
Жалдауды сатып алу құқығы	170,667	(2,799)	167,868
Тұрғын емес үй-жайлар	20,643	(10,000)	10,643
Аяқталмаған құрылыс	3,117,142	(3,117,119)	23
	3,308,452	**(3,129,918)**	**178,534**
2023 жыл			
Жер учаскелері	90,757,532	(59,730,912)	31,026,620
Пәтерлер	41,521	(9,377)	32,144
Өзге де активтер	144,301	(51,439)	92,862
Мүлікті сатудан түскен кірістер жиынтығы, нетто	**90,943,354**	**(59,791,728)**	**31,151,626**

23. ҚҰНСЫЗДАНУДАН БОЛҒАН ЗАЛАЛДАРДЫ/(ЗАЛАЛДАРДЫ) ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

мың теңге	2024 жыл	2023 жыл
Құнсыздануданболған шығындарды қалпына келтіру		
Өзге ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы бойынша резервті қалпына келтіру	173,998	–
Берілген қарыздардың құнсыздануы бойынша резервті қалпына келтіру	103,102	560,046
Берілген аванстардың құнсыздануы бойынша резервті қалпына келтіру	22,702	186
Инвестициялардың құнсыздануы бойынша резервті қалпына келтіру	3,805	–
Дебиторлық берешектің құнсыздануы бойынша резервті қалпына келтіру	3,691	2,479,031
Ақша қаражатының құнсыздануы бойынша резервті қалпына келтіру	1,250	44,627
Айыппұлдар бойынша резервті қалпына келтіру	–	3
	308,548	**3,083,893**
Құнсыздануданболған залалдар		
Ақша қаражатының құнсыздануы бойынша резервті есептеу	(17,150)	–
Берілген қарыздар бойынша күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервті есептеу	(33,167)	–
Дебиторлық берешектің құнсыздануы бойынша резервті есептеу	(406,995)	–
Инвестициялық жылжымайтын мүліктің құнсыздануы бойынша резервті есептеу	–	(45,600)
РЕПО бойынша актив бойынша күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервті есептеу	–	(91)
	(457,312)	**(45,691)**
	(148,764)	**3,038,202**

24. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР ЖӘНЕ КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРЫЛҒАН САЛЫҚ АКТИВТЕРІ (МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ)

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін пайдаға салынатын салық бойынша Топтың шығыстары мынадай түрде берілген:

мың теңге	2024 жыл	2023 жыл
Пайдаға ағымдағы салық бойынша шығыстар	399,476	8,297,919
Кейінге қалдырылған пайда салығы бойынша шығыстар	(163,673)	(381,591)
Табыс салығы бойынша шығыстар	**235,803**	**7,916,328**

Қазақстан Республикасында пайдаға салынатын салық жыл (кезең) ішіндегі есепті салық салынатын пайданың 20% мөлшерлемесі бойынша есептеледі. Кейінге қалдырылған салықтар актив өткізілетін немесе міндеттеме өтелетін кезеңге қолданылатын мөлшерлемелер бойынша есептеледі.

Russell Bedford A+ Partners

24. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР ЖӘНЕ КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРЫЛҒАН САЛЫҚ АКТИВТЕРІ (МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ) (жалғасы)

мың теңге	2024	2023
Салық салынғанға дейінгі кіріс	**8,236,657**	**19,044,615**
20% белгіленген мөлшерлеме бойынша салық	1,647,331	3,808,923
Танылмаған салық активтеріндегі өзгеріс	(1,442,088)	4,107,521
Бағамдық және өзге де тұрақты айырмашылықтардың салықтық әсері	30,560	(116)
Табыс салығы бойынша шығыстар	**235,803**	**7,916,328**
Тиімді салық мөлшерлемесі	3%	42%

Кейінге қалдырылған салық активтерінің (міндеттемелерінің) сомалары төменде берілген:

мың теңге	31.12.2024	31.12.2023
Алынған қарыздар бойынша дисконт және амортизация	(572,979)	(610,095)
Өзге де резервтер	450,459	553,074
Сот талаптары бойынша резерв	148,960	40,000
Демалыс бойынша резерв	26,376	18,557
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	11,553	(100,631)
Төленетін салықтар	3,109	2,900
	67,478	**(96,195)**

Кейінге қалдырылған салық активтерінің (міндеттемелерінің) қозғалысы былайша берілген:

мың теңге	2024 жыл	2023 жыл
Бастапқы сальдо	(96,195)	(477,786)
Кірістерге жатқызылған (шығыстар)	163,673	381,591
Соңғы сальдо	**67,478**	**(96,195)**

25. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ

Егер олардың біреуінің екіншісін бақылауға мүмкіндігі болса, жалпы бақылауда болса немесе екінші тарап қаржылық және операциялық шешімдер қабылдаған кезде елеулі ықпал етуі мүмкін болса, тараптар байланысты деп есептеледі. Байланысты тараптармен өзара қарым-қатынастарды қарау кезінде олардың тек заңдық нысаны ғана емес, осындай өзара қарым-қатынастардың экономикалық мазмұны назарға алынады.

Байланысты тараптармен операциялар:

мың теңге	Акционер	Қауымдасқан компаниялар
2023 жылғы 31 желтоқсан		
Алынған қарыздар	(13,500,000)	–
2023 жылғы 31 желтоқсан		
Алынған қарыздар	(15,000,000)	–
Байланысты тараптарға сату	1,307,015	–
Қауымдасқан ұйымдардың залалдағы үлесі	–	(36,363)

Негізгі басшы құраммен операциялар

Әкімшілік шығыстарға енгізілген негізгі басқару персоналына сыйақының жалпы сомасы (20-ескертпе) 156,495 мың теңгені (2023 ж.: 191,130 мың теңге) құрайды.

Russell Bedford A+ Partners

26. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Сот талаптары

Топ өзінің операциялық қызметіне қатысты айыппұлдар, қарыз шарты бойынша тұрақсыздық айыбын төлеу жөніндегі талаптар, мемлекеттік сатып алу жөніндегі даулар сияқты әртүрлі маңызды емес сот талқылауларына қатысады. Топ жеке немесе жиынтығында қаралатын осындай сот істері немесе ықтимал талаптар оның қаржылық жағдайына немесе операциялық қызметінің нәтижелеріне қандай да бір елеулі теріс әсер етуі мүмкін деп санамайды.

Топ елеулі міндеттемелердің туындау ықтималдығының дәрежесін бағалайды және міндеттемелердің туындауына әкелетін оқиғалар орын алатын, ал тиісті міндеттемелердің сомасы негізді түрде айқындалуы мүмкін жеткілікті ықтималдық болған кезде ғана қаржылық есептілікте тиісті резервті көрсетеді.

Салық салу

Қазақстандық салық заңнамасы мен нормативтік-құқықтық актілер тұрақты өзгерістер мен әртүрлі түсіндірулердің мәні болып табылады. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдары арасындағы пікір алшақтығы жиі кездеседі. Анықталған және расталған қазақстандық салық заңнамасын бұзғаны үшін айыппұлдар мен өсімпұлдардың қолданыстағы режимі қатаңдығымен ерекшеленеді.

Салықтық тексерулер тексеру жылының алдындағы қызметтің бес күнтізбелік жылын қамтуы мүмкін. Белгілі бір жағдайларда тексерулер неғұрлым ұзақ кезеңдерді қамтуы мүмкін. Қазақстандық салық салу жүйесіне тән белгісіздікке байланысты салықтардың, айыппұл санкциялары мен өсімпұлдардың әлеуетті сомасы, егер бар болса, қазіргі уақыт бойынша шығыстарға жатқызылған және 2024 жылғы 31 желтоқсанда есептелген сомадан асып кетуі мүмкін.

Басшылық 2024 жылғы 31 желтоқсанда қолданылатын заңнаманы түсіндіру тиісті болып табылады және Топтың салықтар жөніндегі ұстанымы расталатын ықтималдық бар деп санайды.

Экологиялық мәселелер

Топ қоршаған ортаны қорғау жөніндегі әртүрлі заңдар мен нормативтік ережелерді сақтауға міндетті. Қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі қазақстандық заңнама үнемі өзгеріп отырады және әртүрлі түсіндірулерге ұшырайды. Басшылық топтың қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік талаптарды сақтайтынына сенімді болғанымен, шартты міндеттемелердің жоқтығына сенімді болуға болмайды.

Қаржылық кепілдіктер

2023 жылғы 17 қарашада Топ «Black Biotechnology» ЖШС-мен «Black Biotechnology» ЖШС облигацияларын ұстаушылар алдындағы 1,500,000 мың теңге мөлшеріндегі міндеттемесін тиісінше орындауды қамтамасыз етуге кепілдік беру туралы шарт жасасты, бұл «Black Biotechnology» ЖШС шығарған облигациялардың номиналдық құнының 75%-ын құрайды. Кепілдік «Black Biotechnology» ЖШС-нің есептелген пайыздар мен өзге де қосымша шығыстарды қоспағанда, борыштың негізгі сомасы бойынша міндеттемелерін жабады.

Шарт талаптарына сәйкес қаржылық кепілдік облигациялар айналысы басталған күннен бастап 101-ші күні, яғни 2023 жылғы 24 қазанда болған облигациялар ресми сауда-саттыққа шыққан сәттен бастап күшіне енеді. Осылайша, кепілдік 2024 жылғы 2 ақпаннан бастап белсенді болды және үш жыл бойы қолданылады.

Кепілдік бергені үшін Топ тоқсан сайын төленетін кепілдік сомасының жылдық 3%-ы мөлшерінде сыйақы алады. Сыйақы сомасы белгіленген төлем кестесіне сәйкес оны есептеу сәтіндегі операциялық кірістер құрамында танылады.

26. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Кепілдікті қамтамасыз ету ретінде Топқа құрылыс кезеңдерінің аяқталуына қарай тоқсан сайын қайта бағалауға жататын биоазықтық қоспалар мен тыңайтқыштар өндіретін зауыттың салынып жатқан ғимараты, көлік құралдары мен өндірістік жабдықтар, "Black Biotechnology" ЖШС жарғылық капиталындағы үлестің 95%, сондай-ақ "Black Biotechnology" ЖШС басшыларының жеке кепілдіктері берілді.

«Black Biotechnology» ЖШС өз міндеттемелерін уақтылы орындағандықтан, есепті күні кепілдік бойынша шығындардың туындау тәуекелі төмен деп бағаланады. «Black Biotechnology» ЖШС қаржылық жай-күйі нашарлаған жағдайда, Топ күтілетін залалдар мөлшерінде кредиттік залалдарды жабуға арналған резервті таниды.

Топ «Sleipnir Technologies» ЖШС-нің SDF I B.V. алдындағы міндеттемелері бойынша 7,350,000 мың теңгеден аспайтын сомаға қаржылық кепілдік берді. Есепті күнгі жағдай бойынша міндеттеменің басталу ықтималдығы төмен деп танылды, өйткені «Sleipnir Technologies» ЖШС өз міндеттемелерін уақтылы орындайды. осының салдарынан міндеттеме танылмайды. «Sleipnir Technologies» ЖШС қаржылық жай-күйі нашарлаған жағдайда, Топ күтілетін залалдар мөлшерінде кредиттік залалдарды жабуға арналған резервті таниды.

Экологиялық мәселелер

Топ қоршаған ортаны қорғау жөніндегі әртүрлі заңдар мен нормативтік ережелерді сақтауға міндетті. Қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі қазақстандық заңнама үнемі өзгеріп отырады және әртүрлі түсіндірулерге ұшырайды. Басшылық Топтың қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік талаптарды сақтайтынына сенімді болғанымен, шартты міндеттемелердің жоқтығына сенімді болуға болмайды.

Қызметті жүргізу шарттары

Қазақстанда нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін экономикалық реформалар мен құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылымды дамыту жалғасуда. Қазақстан экономикасының тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сондай-ақ экономика, қаржы және ақша-кредит саясаты саласында Үкімет қабылдайтын шаралардың тиімділігіне байланысты болады.

2024 жыл ішінде ҚР ҰБ +/- 1 пайыздық тармағы бар базалық мөлшерлемені жылдық 14.75% -ға дейін төмендету туралы шешім қабылдады. Сыртқы инфляциялық процестер азық-түлікке әлемдік бағаның төмендеуі және орталық банктердің тежеуші саясаты аясында қолайлы қалыптасуын жалғастыруда. Ішкі экономикада фискалдық ынталандырумен бекітілетін тұрақты ішкі сұраныстан, сондай-ақ инфляциялық күтулердің жоғарылауынан және тұрақсыздығынан инфляциялық қысым сақталуда.

Топ осы оқиғалардың өз қызметіне әсерін, қаржылық жағдайын және қаржылық жағдайларын бағалауды жалғастырады.

Топ басшылығы ол ағымдағы жағдайларда Топтың экономикалық тұрақтылығын қолдау жөнінде тиісті шаралар қабылдайды деп санайды.

27. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ

Топ өз қызметіне байланысты оның қаржы құралдарымен байланысты әртүрлі қаржылық тәуекелдерге ұшырайды. Топтың негізгі қаржы құралдары мыналарды қамтиды: клиенттерге кредиттер, саудалық және өзге де дебиторлық берешек, ақша қаражаты және олардың баламалары, берілген қарыздар мен кредиттер, саудалық және өзге де кредиторлық берешек. Қаржы құралдары бойынша туындайтын негізгі тәуекелдер өтімділік тәуекелі, кредиттік тәуекел және валюталық тәуекел болып табылады.

Russell Bedford A+ Partners

27. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ (жалғасы)

Топтың қаржы құралдары былайша берілген:

мың теңге	31.12.2024	31.12.2023
Қаржы активтері:		
Ұзақ мерзімді қаржы активтері	22,671,001	15,668,371
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	47,494,045	43,502,738
Инвестициялық бағалы қағаздар	32,211	62,739
Саудалық және өзге де дебиторлық берешек	5,159,036	453,662
Қысқа мерзімді қаржы активтері	2,199,791	2,758,160
РЕПО бойынша актив	7,248,580	11,728,105
Ақша қаражаты және олардың баламалары	70,178,560	69,727,029
	154,983,224	**143,900,804**
Қаржылық міндеттемелер:		
Алынған ұзақ мерзімді қарыздар	2,904,495	7,709,313
Алынған қысқа мерзімді қарыздар	6,230,608	4,240,207
Саудалық және өзге де кредиторлық берешек	5,156,132	3,452,692
	14,291,235	**15,402,212**

Кредиттік тәуекел

Топ кредиттік тәуекелге ұшырайды, ол қаржы құралымен операция тараптарының бірі шарт бойынша міндеттемелерді орындамау салдарынан екінші тараптың қаржылық шығындарға ұшырауына себеп болу тәуекелі болып табылады. Кредиттік тәуекел Топтың оның салдарынан қаржы активтері туындайтын қарсы агенттермен кредиттік және өзге де операциялары нәтижесінде туындайды. Топты кредиттік тәуекелге ұшырайтын қаржы активтері негізінен ақша қаражатын және олардың баламаларын, депозиттерді, байланысты тараптардың саудалық дебиторлық берешегін қамтиды.

Топтың ең жоғары тәуекелі осы құралдардың баланстық құнына тең:

мың теңге	31.12.2024	31.12.2023
Ұзақ мерзімді қаржы активтері	22,671,001	15,668,371
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	47,494,045	43,502,738
Инвестициялық бағалы қағаздар	32,211	62,739
Саудалық және өзге де дебиторлық берешек	5,159,036	453,662
Қысқа мерзімді қаржы активтері	2,199,791	2,758,160
РЕПО бойынша актив	7,248,580	11,728,105
Ақша қаражаты және олардың баламалары	70,178,560	69,727,029
	154,983,224	**143,900,804**

Топ күтілетін кредиттік залалдарға бағалау резервін құрады. Топ өзінің ақша қаражатын мақұлданған қаржы институттарында және әрбір қаржы институты үшін белгіленген лимиттер шеңберінде ғана орналастырады. Лимиттер қаржы институтының төлем қабілетсіздігі жағдайында тәуекелдердің шоғырлануын азайту және қаржылық шығындарды азайту мақсатында белгіленеді. Топ өзінің ақша қаражатын BB төмен емес «Standard and Poor's» кредиттік рейтингі бар ҚР екінші деңгейдегі банктерінде орналастырады.

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – бұл қаржы құралдарымен байланысты міндеттемелерді өтеу үшін қаражат алу кезінде Топта қиындықтардың туындау тәуекелі. Өтімділік тәуекелі қаржы активін оның әділ құнына жақын баға бойынша жылдам сатудың мүмкін еместігі нәтижесінде туындауы мүмкін. Топ өтімді қаражатқа қажеттілікті үнемі қадағалап отырады және басшылық кез келген алда болатын міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті көлемде қаражаттың болуын қамтамасыз етеді.

27. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ (жалғасы)

Төменде дисконтталмаған пайыздық төлемдердің есеп айырысу сомаларын қоса алғанда, қаржылық міндеттемелерді өтеудің шарттық мерзімдері туралы ақпарат берілген:

мың теңге	3 айдан кем	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	Жиыны
2024 жылғы 31 желтоқсан				
Саудалық және өзге де кредиторлық берешек	4,131,267	1,024,865	-	**5,156,132**
Алынған қарыздар	338	5,006,775	7,001,225	**12,008,338**
	4,131,605	**6,031,640**	**7,001,225**	**17,164,470**
2023 жылғы 31 желтоқсан				
Саудалық және өзге де кредиторлық берешек	3,013,302	336,769	-	**3,350,071**
Алынған қарыздар	2,000,375	4,001,125	9,001,025	**15,002,525**
	5,013,677	**4,337,894**	**9,001,025**	**18,352,596**

Пайыздық мөлшерлемені өзгерту тәуекелі

Топтың 31 желтоқсандағы есепті күнге сыйақы мөлшерлемесі ауыспалы қарыздары мен кредиттері жоқ. Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі бар ешқандай қаржы құралдарын Топ әділ құн бойынша бағаланатын құралдар үшін көзделген тәртіппен оның кезең ішіндегі пайда мен залалның құрамында өзгерістерін көрсете отырып не сату үшін қолда бар ретінде ескермейді. Сондықтан есепті күнге сыйақы мөлшерлемелерінің қандай да бір өзгеруі кезең немесе капитал үшін пайда немесе залал шамасына әсер етпес еді.

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел - бұл қаржы құралы бойынша болашақ ақша ағындарының әділ құны валюталық бағамдардағы өзгерістердің салдарынан ауытқу тәуекелі. Топтың шетел валютасының айырбас бағамдарының өзгеру тәуекеліне ұшырауы Топтың операциялық қызметіне жатады. Топта оның функционалдық валютасынан өзгеше қаржы құралдары жоқ және ол валюталық тәуекелге ұшырамайды.

Әділ құн

Басшылықтың пікірі бойынша, Топтың қаржылық активтері мен міндеттемелерінің әділ құны шамамен олардың баланстық құнына тең. Қаржылық активтер мен міндеттемелердің әділ құны 2 сатылық деңгейі бойынша есептелген.

28. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2025 жылғы 14 наурызда еншілес компания «Алматы қаласы әкімдігінің күрделі құрылыс кәсіпорны» ЖШС «Алматы қаласы құрылыс басқармасы» КММ-нің талап-арызы бойынша 200,000 мың теңге сомасына төлем жасады және 2025 жылғы 26 наурызда 200,000 мың теңге сомасына тағы бір төлем жасады.

2024 жылдың желтоқсанында жалғыз акционер 2,588,380 дана жалпы сомасы 2,588,380 мың теңге бір акция үшін 1,000 теңге бағамен өз акцияларын сатып алуды жүзеге асыру және сатып алынатын акциялар есебінен Алматы қаласының коммуналдық меншігіне № 3 Коммуналдық автобус паркі құрылысы аяқталмаған объектілерін беру туралы шешім қабылдады, бұл сатып алу операциясы 2025 жылдың 05 қаңтарында тіркелді.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы есепті күннен кейін осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті бекіткен күнге дейін басқа елеулі оқиғалар болған жоқ.

Russell Bedford A+ Partners